

«Бар мейірім – балаларга»

(1 маусым – Дүниежүзілік балаларда қоғау күні)

Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының ұйымдастыруымен 1 маусым – Дүниежүзілік балаларды қорғау күні «Бар мейірім – балаларға» атты мерекелік іс-шара орталық саябақта қызықты болып өтті. Бұл іс-шара қала тұрғындары мен бұлдіршін балаларымызға, арнайы кітапхана қызметкерлері түрлі ертегілер кейіпкерлері мен шығыс ертегілері кейіпінде киініп, балаларға қуаныш сыйлады. Іс-шара барысында «Бауырсақ» ертегісі қойылып, балалардың ойы әрмен қарай қиял-ғажайып ертегіге ұласты. Сонымен қатар кітапхана қызметкерлерінің орындауында бірнеше әндер орындалып, қала тұрғындарының да ән айтуға қыштарлығы асып, бірнеше әсем әндер орындалды. Бұл мереке балалардың мейрамы болғандықтан ортаға Мыстан кемпір келіп балаларға «Чупа-чупс» ойыны ұйымдастырылды. Балалардың барлығы да ойынға қатысып, чупа-чупс жеңіп алды. Бүгінгі мереке барлық балалардың көңілінен шығып, дән риза болып біздің түрлі ертегі кейіпкерлерімен естелікке суретке түсіп мәз мейрам болып тарқасты.



